

Марқатай ауылын тарату және оның аумағын Павлодар облысы Железин ауданы Новомир селолық округінің Церковное ауылының құрамына енгізу туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 12 қазандағы N 15 қаулысы және Павлодар облыстық мәслихатының 2012 жылғы 12 қазандағы N 93/9 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 12 қарашада N 3255 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңы 11-бабының 3) тармақшасына, Железин ауданы әкімдігі мен Железин аудандық мәслихатының 2012 жылғы 22 маусымдағы "Павлодар облысы Железин ауданы Новомир селолық округінің Марқатай ауылын тарату туралы" N 34-5/5 бірлескен қаулысы мен шешіміне, Павлодар облысы әкімдігінің 2012 жылғы 6 қыркүйектегі "Марқатай ауылын тарату және оның аумағын Павлодар облысы Железин ауданы Новомир селолық округінің Церковное ауылының құрамына енгізу туралы" N 255/9 қаулысына сәйкес, Железин ауданы Марқатай ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Павлодар облыстық **мәслихаты** **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. Железин ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына келесі өзгерістер енгізілсін :

елді мекен мәртебесінен айырылуына және оның аумағын Павлодар облысы Железин ауданы Новомир селолық округінің Церковное ауылының құрамына енгізуіне байланысты **Марқатай** **ауылы** **таратылсын.**

2. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен занды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты **комиссияны** **жүктелсін.**

3. Осы қаулы мен шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

И. Әбдіқалықов

Облыс әкімі

E. Арын

Облыстық мәслихаттың хатшысы

M. Көбенов